

**«Панфилов ауданының ауыл шаруашылығы бөлімі» мемлекеттік мекемесінің 2017 жылдың 1 қазанына мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі қызметі туралы есебі**

**1. Жалпы ережелер.**

1. «Панфилов ауданының ауыл шаруашылығы бөлімі» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі—бөлім)

Панфилов ауданының аумағында ауыл шаруашылығы саласындағы функцияларды орындауға уәкілетті мемлекеттік мекеме болып табылады.

2. Бөлім өз қызметін мемлекеттік қызметтерді жүзеге асыру негізінде Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» туралы Заңы негізінде жұмыс атқарады.

Қызметті беруші туралы мәлімет: «Панфилов ауданының ауыл шаруашылығы бөлімі» мемлекеттік мекемесі, почталық мекен-жайы: 041300, Алматы облысы, Панфилов ауданы, Жаркентқаласы, Розбакиев көшесі №22, байланыс тел. номері: 8(72831)5-09-66

**2017жылдың 1 қазанына көрсетілген мемлекеттік қызметтер туралы ақпарат:**

Көрсетілген қызметтер саны барлығы- 3228.

оның ішінде;

-Тракторларға және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерге, монтаждалған арнайы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда, олардың тіркемелеріне, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы, мелиоративтік және жол-құрылыс машиналары мен механизмдеріне, сондай-ақ жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналарға ауыртпалықтың жоқ (бар) екендігі туралы ақпарат беру (ХҚКО арқылы) – 8.

- Тракторлардың және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, монтаждалған арнайы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда, олардың тіркемелерінің, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы, мелиоративтік және жол-құрылыс машиналары мен механизмдерінің, сондай-ақ жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналардың кепілін мемлекеттік тіркеу-9

- Басым дақылдар өндіруді субсидиялау арқылы өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруды, жанар-жағармай материалдарының және көктемгі егіс пен егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін қажетті басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың құнын субсидиялау- 17

- Ауыл шаруашылығы дақылдарын қорғалған топырақта өңдеп өсіру шығындарының құнын субсидиялау- 1

- Жеміс-жидек дақылдарының және жүзімнің көпжылдық көшеттерін отырғызу және өсіру (оның ішінде қалпына келтіру) шығындарының құнын субсидиялау – 20

- Тыңайтқыштар (органикалықтарды қоспағанда) құнын субсидиялау-1791

- Тұқым шаруашылығын дамытуды субсидиялау- 1343

- Өсімдіктерді қорғау мақсатында ауыл шаруашылығы дақылдарын өңдеуге арналған гербицидтердің, биоагенттердің (энтомофагтардың) және биопрепараттардың құнын субсидиялау (ХҚКО арқылы) - 39

## 2. Көрсетілетін қызметті алушылар мен жұмыс

Мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібі туралы ақпараттарға қол жеткізу көздері мен орындары: «Панфилов ауданының ауыл шаруашылығы бөлімі» ММ ғимаратында көрнекті ақпарат құралдары – стандарттар мен регламенттердің мәтіні ілінген стендтер орналастырылған. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер көрсету процесінің ашықтығын қамтамасыз ету үшін азаматтарға түсіндіру жұмыстары жүргізілуде.

## 3. Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бақылау

2017 жылдың 1 қазанына көрсетілетін мемлекеттік қызметті алушылардан шағымдар түскен жоқ.

**Ескертпе:** есеп «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 15 сәуірдегі № 88-V Заңының 23-бабының 5 және 6-баптарына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын арттыру және мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын жетілдіру мақсатында ұсынылды.

Панфилов ауданының  
Ауыл шаруашылығы  
бөлімінің басшысы



Ж.Наймантаев